

**ҰЛЫ АФРИКА СОҒЫСЫ (II КОНГО СОҒЫСЫ)**

**Әжмағанбетова Айымжан Қуандыққызы**

[aiymkua@gmail.com](mailto:aiymkua@gmail.com)

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»  
кафедрасының 3 курс студенті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

«Екінші конго Соғысы» немес «Ұлы Африка соғысы» 1998-2002 жылдар арасында орын алған, Конго Демократиялық Республикасында этникалық қарама-қайшылықтар, билікке деген құштарлық және табиғи ресурстарды басып алуға деген ұмтылыспен жүргізілген соғыс. Соғыс бастапқыда 1998 жылы 2 тамызда Руанда Республикасы және Конго Демократиялық Республикаларының арасында басталғанымен, оған тоғыз мемлекет атынан жиырмадан астам қарулы топтар қатысты[1].

Тыныш өмір 90-жылдардың басында, көршілес Руандада хуту мен тутси халықтары арасында ауыр азаматтық соғыс басталған кезде аяқталды. Бұл тез арада геноцидке айналды, нәтижесінде миллионға жуық тутси жойылды.

Нақтырақ тоқталатын болсам, президент Лоран Кабила, тутси халқы Конгоға қоныс аударып, соғыстан әлсіреген мемлекетті өз еліне айналдырады деп қорқып, армиядан және басқа күш құрылымдарындағы конго емес ұлттардың өкілдерін қуып шығарды.

Кесте 1. Ивент талдау (Дереккөз: Автормен құрылған) - Түрлі кеңістік, бір уақыт

Субъект	Сюжет	Объект	Уақыт
ҚДР – Конго Демократиялық Республикасы	Хуту милициялары, сондай-ақ маи-маи деп аталатын топтар Конго Демократиялық бірлестігінің (КОД) көтерілісшілеріне шабуыл жасады.	Елден тутси халқын шығару. Нәтижесі, Руанданың қаһары, соғыстың басталуына себеп болды.	1998-2002 жж.
Руанда Республикасы	Руандалықтар Конго демократия бірлестігі (КОД) басқаратын және негізінен конголиялық	Кабиланың байланыс үзгеніне жауабы, тутси халқының құқығын қорғау. Нәтижесінде, әскерін Конгоға кіргізеді.	

	тутсиден тұратын бүлікші топтарды қаруландырды, қолдады және кеңес берді.		
--	---	--	--

Өлімнен қашып құтылған тутси халқы Заирге қашады. Олармен бірге геноцидке қатысы бар хуту өкілдері босқындардың атын жамылып көршілеріне қоныс аударды. Олар Заир аумағында бір-бірімен күресті жалғастырды. Бұл президент Мобутудың қарсыластарының қолында болды. Елдің басты оппозиционері, Че Гевараның қарулас досы және құрметті партизан көшбасшысы деп аталған Лоран-Дезире Кабила көтерілісті басқарды.

Соғыстың барысында 1998 жылдың қыркүйегінде, Конго Демократиялық Республикасында (КДР) соғыс басталғаннан бір ай өткен соң, тараптардың күштері шамамен тең болды. Кабила елдің батыс және орталық бөліктерін басқарды, ал оның қарсыластары КДР-дің шығысы мен солтүстігін басып алды.

Соғыс ресурстарды өндіру мен сатудың басқыншылары үшін тиімді болды. Ол, негізінен, әйелдер мен балаларға, азап әкелді. Миллиондаған адамдар аштықтан, аурудан және медициналық көмектің жоқтығынан қайтыс болды [2].

Коннект талдау (Дереккөз: Автормен құрылған)

Шартты белгілер:

1. Халықаралық ұйымдар шеңберінде араласу;
2. Қару-жарақ тасымалдау;
3. Қайшылықтар;
4. Жеке мүдделеріне сәйкес әрекет ету;
5. Ұйымға кіруге өтініш әрекеті;
6. Мемлекеттер;
7. Халықаралық ұйымдар және келісімдер;
8. Үкіметтік емес топтар (бірлестік, топтар)

1999 жылы маусымда соғыстың негізгі қатысушылары Замбиядағы Лусак қаласында өткен Бейбітшілік конференциясында кездесті. Олар атысты тоқтатуға, тұтқындармен алмасуға және бейбітшілік орнатуға бағытталған басқа да шарттарға келісті. Алайда, конференцияда барлық көтерілісшілер ұсынылмады, ал кейбір топтар келісімге қол қоюдан бас тартты. Көп ұзамай, келісім ресми болғанға дейін Руанда Мен Уганда арасында қайшылықтар туындады және олар қолдаған көтерілісшілер бір-бірімен соғыса бастады.

2001 жылы президенттің ұлы Жозеф билікке келді, ол соғысты мүмкіндігінше тезірек аяқтауға мүдделі. Бірақ көтерілісшілер мен оларды қолдайтын африкалық одақтастар қақтығысты аяқтауға асықпады. Осыған қарамастан, Оңтүстік Африканың басшылығымен, бұл елде 2002 жылдың сәуір-желтоқсан аралығында жүргізілген келіссөздер «жан-жақты бейбітшілік келісіміне» қол қоюға әкелді. Сан-Сити келісімі 2002 жылдың 19 сәуірінде ресми түрде жасалды. Бұл Конгоны біртұтас, көпжақты Үкімет пен демократиялық сайлаумен қамтамасыз етудің негізі болды. Сан-Сити келісімін бұзу туралы бірнеше хабарламалар болды, бірақ бұл соғыс қимылдарының ушығуына алып келмеді.

2002 жылдың 30 шілдесінде Претория, Оңтүстік Африка, Руанда және Конго Демократиялық Республикасында бес күндік келіссөздерден кейін Претория келісімі деп аталатын бейбітшілік келісіміне қол қойылды. Келіссөздер екі мәселеге арналды. Біріншіден, Конгодан шамамен 20, 000 Руанда сарбазын шығару болды. Екіншіден, бұрынғы руандалық сарбаздарды қоршау және 1994 жылы Руандадағы геноцидке қатысқан және Шығыс Конгодан жұмысын жалғастырған «Интерахамве» деп аталатын хуту милициясын тарату. Себебі, Руанда бұған дейін хуту милициясы аяқталғанға дейін кетуден бас тартты.

6 қыркүйекте қол қойылған Луандия келісімі Конго мен Уганда арасындағы бейбітшілікті ресми түрде нығайтты. Бұл келісім Угандаға өз әскерлерін Буниядан шығарып, екі ел арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған, бірақ оны жүзеге асыру қиынға соқты. Он бір күннен кейін алғашқы руандалық сарбаздар КДР-дың шығыс бөлігінен шығарылды. 5 қазанда Руанда өзінің шығарылуының аяқталғанын жариялады; МООНДРК 20 000-нан астам Руанда сарбаздарының кетуін растады.

21 қазанда БҰҰ өзінің сарапшылар тобының қарулы топтардың табиғи ресурстарды тонауы туралы баяндамасын жариялады. Руанда да, Уганда да жоғары дәрежелі саяси және әскери қайраткерлер тоналған ресурстардың заңсыз айналымына қатысты деген айыптарды жоққа шығарды.

2002 жылғы 17 желтоқсанда Конго аралық диалогының конголық тараптары жаһандық және жан-жақты келісімге қол қойды. Келісімде өтпелі басқару жоспары сипатталған, ол қол қойылғаннан кейін екі жыл ішінде заң шығарушы және президенттік сайлауға әкеліп, екінші Конго соғысының ресми аяқталғанын атап өтті[1].

Алайда әскери қақтығыстар әлі аяқталған жоқ. Шет мемлекеттердің әскерлері Конго аумағынан кетті, бірақ 70-тен астам түрлі бүлікші топтар әлі күнге дейін елдің шығыс провинцияларында, әсіресе пайдалы қазбаларға бай аумақтарында орналасқан. Бұл топтарды мақсаттары бойынша екі санатқа бөлінеді: біріншілері елдің шығысын көрші елдерге — Уганда, Руанда және Бурундиге шабуыл жасау үшін негіз ретінде пайдаланады; екіншілері осы елдердің үкіметтері заңсыз тау-кен өндірісі және олардың кейінгі контрабандасы үшін қолдайды.

Қорытынды. Соғыстың аяқталуына Руанда мен Уганданың КДР-дің минералды-шикізат қорларын иемденуге деген айқын тілектерін ескере отырып, олар санкцияларға ұшырап, Руанда Конгода жақтастарын жоғалта бастағанын себеп ретінде айтуға болады. Соғыс ресми түрде 2002 жылы Оңтүстік Африка Республикасындағы Преториядағы бейбіт келіссөздер кезінде аяқталды.

БҰҰ мәліметтері бойынша, соғыс кезінде 5 миллионға жуық адам қайтыс болды, негізінен нонкомбатанттар. Екі миллионнан астам адам босқын болды [3].

Алайда, ойдағыдай келісімге отырудың арқасында толық бейбітшілік орын алмады. 2004 жылы Конгодағы тутси тағы да көтеріліс жасады. Бұл «Кивудағы қақтығыс» ретінде белгілі.

Қазіргі уақытта да Конго Демократиялық Республикасының жағдайы мәз емес және босқындардың саны өсуде.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1.Вторая конголезская война, Wikipedia-свободная энциклопедия, URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Вторая\\_конголезская\\_война#Последний\\_период\\_и\\_окончание\\_войны](https://ru.wikipedia.org/wiki/Вторая_конголезская_война#Последний_период_и_окончание_войны) (10.11.2020)
- 2.Великая африканская война. Ад и геноцид в Конго, М. Поликарпов, 2020, URL:[https://pikabu.ru/story/velikaya\\_afrikanskaya\\_voyna\\_ad\\_i\\_genotsid\\_v\\_kongo\\_7327865](https://pikabu.ru/story/velikaya_afrikanskaya_voyna_ad_i_genotsid_v_kongo_7327865) (10.11.2020)
- 3.За что погибли 5 миллионов человек: вторая конголезская война, Politikus.ru, 2019, URL:<https://politikus.ru/articles/history/117562-vtoraya-kongolezskaya-voyna.html> (10.11.2020)